

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық сериясы**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

**№ 4 (2020)**

**Павлодар**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**  
**Торайгыров университета**

**Филологическая серия**  
выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ 14213-Ж

выдано

Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан

**Тематическая направленность**  
публикация материалов в области  
лингвистики и языкознания

**Подписной индекс – 76132**

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анэсова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

**К. Қ. Есіркепова, С. Ф. Қанапина**

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті,  
Қазақстан Республикасы, Қостанай қ.

## **КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ СИМВОЛДАРДЫҢ МӘДЕНИ-ТАНЫМДЫҚ МАЗМҰНЫ**

*Мақалада көркем шығармадағы сөздердің символдық мағынада берілу жолдары, сөз-символды қолдану шеберлігі, сонымен қатар жазушының сөзді символдық мәнде қолдану арқылы, шығарманың бейнелілігін арттырудағы автордың дүниетанымы, мәдениеті, көркемдік әлемі және танымдық әрекетінің нәтижесі ретіндегі тілдік тұлғасы, оның лингвокогнитивтік деңгейі қарастырылған. Сонымен бірге, символдың ерекше сипатының бірі-оның мазмұнының жинақтылығы мен мағыналарының теңдігі айқындалды. Символ екі жақтың бірігуінің және «өзі» мен «өзгені» танудың белгісі деген зат есімнен шыққан. Символдағы тура мағына өзіндік дербестігін сақтайды, абстрактілі символдық мағынамен салыстырғандағы қалпы тең дәрежеде көрінеді.*

*Символ – сөзді қолдану шеберліктің бір қыры болса, сонымен қатар, стильдік қызметті де атқарады. Жазушы сөзді символдық мәнде қолданғанда, белгілі бір стильдік мақсатты көздейді. Сөз-символ жазушының айтпақ ойын дөп басып, шығарманың бейнелілігін арттыру үшін қажет. Сондықтан символдың жеке автор қолданысындағы мәнін ашу, мағынасын тану ерекше қабілет пен көкірек көзін қажет етеді. Жазушының сөз-символға деген «көзқарасы» тек оның психологиялық, эстетикалық таным-талғамына ғана емес, сонымен қатар рухани дүниесіне, мәдени- білім дәрежесіне, мінез- құлқына, ұлттық ерекшелігіне байланысты болады.*

*Символдық белгінің пайда болуына себеп жеке адамдардың таным-талғамынан туындайтыны байқалды.*

*Кілтті сөздер: символ, тілдік тұлға, дүниетаным, тілдік бейне, мәдениет.*

### **Кіріспе**

Символ – кез-келген мәдениетке тән әмбебап құбылыс. Ол халықтың дүниені түйсінуінен хабар беретін қойма, яғни ғаламның тілдік бейнесі ретінде

ұлттың эстетикалық таным-талғамын, шаруашылық кәсібін, мінез-құлық, ырым-нанымы, салт-дәстүрін, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухты тек тілде ғана жан-жақты танытады. Осыған сай белгілі бір халықтың материалдық және рухани мәдениет элементтері тілде эстетикалық символдар ретінде қалыптасады.

**Зерттеудің нысаны:** көркем мәтіндегі символдардың мәдени-танымдық мазмұны, стильдік қызметі.

**Зерттеудің пәні:** көркем мәтіндегі символдардың мәдени-танымдық мазмұны мен қолданыс ерекшелігі.

**Мақсаты:**

– қазақ тіл біліміндегі сөз – символдардың зерттелуіне, көркем мәтіндегі символдардың мәдени-танымдық мазмұнына шолу жасап, ғалымдардың еңбектеріне тоқталу.

– көркем мәтіндегі символдардың мәдени-танымдық қолданыс ерекшелігіне, стильдік қызметіне тілдік талдау жасау.

**Міндеттері:**

– көркем мәтіндегі символдардың мәдени-танымдық мазмұнын анықтау;

– көркем мәтіндегі символдардың зерттелуіне шолу жасау.

**Зерттеудің әдістері мен нәтижесі**

Символдың негізінде әлемді тіл арқылы тану әр ұлт тілінде түрлі сипатқа ие екендігі туралы шешімге символдың лингвистикалық сипатын ашу арқылы және ұлттық болмысын таныту негізінде келуге болады. Адам санасының дамуымен байланысты, дүниетанымының тереңдеуінің нәтижесі болып табылатын ерекше танымдық белгі, таңба – символ екені белгілі. Символдың қалыптасу тарихы тым арыда жатса да, бүгінгі күні «символ» ұғымының ауқымы кеңейіп, лингвистика, философия, семиотика, психология, әдебиеттану, мифопоэтика, фольклористика, мәдениеттану т.б. ғылым салаларының негізгі нысанына айналған. Осыған байланысты символды тануда бір-біріне тәуелсіз түрлі көзқарастар бар.

Қазіргі қазақ тіл білімінде символдық мағынаны көркем мәтіннің мазмұнына сәйкес анықтау зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттарының біріне айналған. Өйткені көркем туынды ұлт тілінің құдіретін танытып қана қоймай, оның сыр сипатын, бүкіл болмысын жан-жақты ашуға, тануға негізделген.

Көркем проза ұлт тілінің құдіретін танытып, оның сыр-сипатын, бүкіл болмысын жан-жақты ашуға негізделеді. Ғалым Р. Сыздық көрсеткендей: «Халықтың рухани-эстетикалық қажетін толығынан өтеп, ұлттық ұйымдастырушылық қызметін атқарып келетін көркем әдебиет тілін зерттеу – бүгінгі мәдени дүниеміздің мүддесі» [1, 7 б.].

«Ішкі терең қажеттіліктер символдар арқылы оянады. Бұл процесс санаға эмоция арқылы белгілі болады. Енді өз кезегінде сана ішкі қажеттілікті

қанағаттандыру үшін қайтадан символдар дүниесіне жүгінеді. Сөйтіп, терең негізі бар қажеттіліктердің сипаты символдар арқылы анықталады. Дара тұлға болмысы тудырған модель, форма – тілдік сана тетігі іске қосылғанда барып көптің қолданысына көшеді (бұл кезде сана тап сол форманы дәлме-дәл қайталап тұрмауы мүмкін. Мүлдем басқа сипаттағы образбен, сөзбен берілуі ғажап емес. Бірақ ол образдың, сөздің негізінде әлгі айтқан форма жатады)» [2, 7 б.].

Басқаша айтқанда, тілдік таңба көркем әдебиетте мазмұнды формаға ауысады. Сондықтан көркем мәтінді біртұтас күрделі құрылым ретінде қарағанда ғана, жазушының шеберлік деңгейі айқындала түседі. Осыған байланысты суреткерлік қырын танытатын көркем мәтін мазмұнын бейнелеуге қатысты сөз қолданыстың бір түрі – шығармада айтылмақ ойдың сырын тұспалдап ашатын, ишарамен білдіретін – сөз-символдарды қолдану. Бұл орайда жазушы қолданысындағы сөз-символдар көркем прозаның идеялық мазмұнын арқалап, оқиғаның құлақ күйі ретінде шергіледі. Символ – сөздің мағынасы, кейде бір сөйлем немесе абзац, әйтпесе тіпті бүкіл мәтін көлемінде ғана танылады [3, 15 б.]. Сондықтан символды белгілі бір мәтіннен интуитивті түрде алынған контекст ретінде қарастырамыз. Ал контекстің әр түрлілігі символға көпмағыналылық сипатын береді. Яғни, сөз-символдың символдық мағынасын бірден түсіну мүмкін емес, ол өз мәнін бірте-бірте ашады және де шығарма мазмұнына сәйкес дағдылы символдық мәннен өзге сипатта да танылады.

Жазушы Сафуан Шаймерденов барлық шығармаларында «жол» сөзін түрлі контексте қолданып отырған. «Жол» сөзіне үлкен символдық мағына артқандығы бүкіл әңгімелерінің өн бойында танылады. Мысалы, «Жол! Жол тағдыры да адам тағдыры сияқты қызық болады екен ғой, Тулан. Бір кезде мүлгіп жатқан сахарасына сор әкеліп, ырысын әкете берген, бүкіл Еуропаға әйгілі аты шулы қасқа жол еді бұл. Қазақ даласына осы жолмен жәбір-жапа, құлық-сұмдық келді, ақша келді, тез келді бірақ» («Мезгіл», 210 б.).

«Ие, Тулан, жол тағдыры да қызық. Бір кездегі даңғыл жолдар шөп шығып, бүркеу тартады да, жоғалады. Соныдан таспадай болып жаңа жолдар түседі. Ол жол жаңа да жақсы мекен-жайларға апарды. Алдау-сұмдығы жоқ, пәле-жаладан қағыс, өсек-ғайбаттан ада қарым-қатынастарға – адам қарым-қатынастарына апарды» («Мезгіл», 211 б.).

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Жол» сөзіне

1 Қатынас жасап әрі-бері жүріп-тұруға арналған ұзын желілі сүрлеу;

2 Ұзақ сапар;

3 Сөздердің жазба не баспа түріндегі қағазға түскен ізі;

4 Салт-дәстүр, әдет-ғұрып// кәде, сый, ырым;

5 Кезек, рет, жөн, орын, жайы; ауыс.

6 Амал, айла, әдіс;

7 Ауыс. Шама-шарық, жөн-жоба [ҚТТС, 305 б.] деген мағыналар үстейді.

Қаламгер «Жол» сөзін өмірмен байланыстырып, жақсылық пен жамандық, ақ пен қара, дұрыс және бұрыс тандау, оң я теріс бағыттарды суреттеп, тек «жол» сөзін ғана емес, оған байланысты «тротуар», «бұрылыс», «рельс» тілдік бірліктері арқылы адамның өмірлік жолын, мақсатын бейнелеуде ұтымды қолданған. Мысалы:

Осы бір бел-белестердің кеудесін кесіп әрі асқан қос рельс алдағы күндей алысқа созылып кете береді («Инеш», 9 б.).

«Өмір деген мына бір жүріп келе жатқан тротуар емес пе. Ой-шұқыры көп оның. Біреу жау болады, жағаңнан алады. Біреу ит болады, етегіңнен алады. Соның қайсысына болса да қажымау керек» («Инеш», 275 б.).

«Алдымда менің жол жатыр. Бұралаң, бұлтарысы көп өмір жолы. Талай жыл жүріп келем, жүріп келем. Өріне шығып сүйенген, ойына түсіп күйінген де күндерім бар, сонда да жүріп келем. Адал жүріп келем» («Қарғаш», 6 б.).

«Артта қалған ұзақ жылдарға Битабар дәл қазір тым биіктен қарап отыр. Бұралаң ұзын жолдың бұлтарыс бұрылыстары жазылып, ой-шұқырлары тегістеліп кетті де, өзара қатынастағы ашу-реніш, кикілжіңдер мән-мағынасын жойып, ұсақталып, аласырып жүре берді» («Жыл құсы», 257 б.).

Символдың тағы бір өзіндік қыры – оның метафора, эпитет және фразеологизмдермен байланысы. Метафора мен символдың негізінде образ жатыр. Яғни, образ тәрізді метафора да, символ да әлемді көркемдік танудан туындайды. Мысалы:

«Ұлы мақсат жолында үлкен-үлкен кедергілер сөз жоқ кездеседі. Бірақ солардың біз жеңбейтіні жоқ» («Инеш», 137 б.). «Қарғаш бұрын мұнша сөзшең, мұнша ойшыл секілді көрінбейтін еді. Тегі, өмір жолы үйреткен ғой деп шамалаймын» («Қарғаш», 86 б.). «Әлдебір жансақтық себеп болып, тірлік үшін күрестің ұлы дүрбелең жолына оқыс түскен Марғауға, міне, енді барынша сақ, барынша әккі болу керек» («Ит ашуы», 136 б.). «Ие, бұл сызықтар да шытырман жолдар есепті. Үзілмес үмітті, аяулы арманның жолы. Қиямет бейнет пен азап-михнаттың жолы» («Мезгіл», 219 б.).

«Бала кезгі аңыз әлі есте: жыл құсы көктемде осы жолмен келеді. Жыл құсы күзде осы жолмен қайтады. Бұл жолдың құс жолы деп атауы да содан. Жыл құсының адаспайтыны да сол өз жолы – құс жолы болғандықтан» («Жыл құсы», 295 б.).

«Айла-қулықсыз, өзінің адал еңбегі арқасында көзі біршама дұрыс ашылып, қиқым есеп, халтура дегенге соқпай, екiнiң бiрi дөп басып танып, таба бере алмайтын шеберлік атты жолға адаспай түскен таланттың арқасында жеткен анықтамалар ол. Шын надан, шын топас адам «мен топаспын» деп өзінің ондай «қасиетін» ешқашан да мойындамақ емес. Бір кезде Аса өзенінің бойында Әспеттен айырылып, күйзеліп қалған Бағдан өзін-өзі: «Надансың, Бағдан, топассың», – деп жерлесе, ол оның топастығы емес, қайта топас

еместігі. Қыз жанына терең бойлап үңіле алмай, мүлт жіберіп алғандығына білдірген өкініші ғана болатын. Задында сенгіш Бағдан жақсылық пен жамандық жолы қай жерде айырылып, дарын мен дарынсыздықтың, ауырдың үсті, жеңілдің асты дегендердің қай жерде жіктелетіндерін «білем» деп сеніп айтар болса, ол Әспеттің арқасы» («Мәжнүн тал», 43 б.).

Қаламгер «ұлы мақсат жолы», «өмір жолы», «күрестің дүрбелең жолы», «шеберлік жолы», «арман жолы», «азап-михнат жолы» «жақсылық пен жамандық жолы», «күс жолы» авторлық метафораларды символ дәрежесіне көтеріп, адамның ең басты мақсаты – өмір жолында сүрінбей, дұрыс таңдау жасап, түзу, таза жолмен, ар-намысын сақтап өту керектігін жеткізгісі келеді. Сонымен қатар өмір жолындағы білім, тәрбие, адамгершілік, мәдениет т.б негізгі құндылықтарды алға тартады. Дәл осылай эпитеттер арқылы «жол» сөзінің символдық мәні одан әрі ашылып, ой және тіл көркемдігінің құралы ретінде пайдаланылады. Мысалы:

«Сұрақтың болмағаны – әңгіменің дәмсіздігінен деп біл. Бірінші жол – сыйлы жол деп үндемегені ғой» («Инеш», 169 б.).

«Сайтан көбелекше жылтырағанды от деп санаппыз да тереңде жатқан шын асылды танымай, шын сезімді елемей теріс жолмен кетіппіз». «Мен үшін сайрап жатқан тағы бір төте жол бар еді». «Ерлікті, соңынан жұртты ерте білушілікті талап ететін заманымыздың жақсы нышандарын, асыл мұраттарын арзан жол тауып саудаға салар жәйім жоқ» («Қарғаш», 87 б.).

«Өлген адамның соңғы сөзі – құдай сөзі. Өлген адамның өсиетін орындамау – кісілік емес. Битабар сертіне берік. Өлім қарт айтқан қақ жолды айнытпай ұстап келеді» («Жыл құсы», 239 б.).

«– Жок, бұл көзге ертең түспейтін, ауызға ертең ілікпейтіндердің жолы. Арзан жол» («Мәжнүн тал», 42 б.).

Бұл орайда символ тілде көрініс табады. Сондықтан тілдегі ғалам бейнесі адамның әлемді тануының өзегі болып табылады. Кез-келген тілдегі ғалам бейнесі екі жақты сипатқа ие: бір жағынан, кез-келген тілдегі ғалам бейнесі адамның әлемге көзқарасымен байланысты болса, екінші жағынан нақты әр тілдегі әлем моделіне әлеуметтік-мәдени қоғамдағы ұлттық «әлем бейнесі» жалғасады. Осының нәтижесінде жеке тіл өзіндік сипатқа ие болады. Әр табиғи тіл ғаламды өзінше бөлшектейтіні белгілі, ол дегеніміз – тілдің өзінің ерекше концептуализациялық (әлемді ұйымдастыру) әдістері бар. Басқаша айтқанда, әр концептуальді тілдің негізінде ерекше бір модель жатыр немесе ғалам бейнесі бар. Жазушы осы модельге байланысты өз ойын жинақтап, баяндауы қажет. Соңғы кездегі ғаламның тілдік бейнесін зерттеу бағытында ізденістерде ұлттық сипатқа ие жеке концептілер қаралады. Осы мәселеге қатысты зерттеуші Р. Авакова былайша нақтылайды: «Символдық мәнге ие сөздердің табиғаты ерекше, ол ерекшелік символ – сөздердің танымдық,

ұлттық мәдени, фондық мағыналарын сол тілде сөйлейтін халықтың дүниені тануы мен құбылыстарға баға берумен, әлемнің тіл бейнесімен тығыз байланысты» [4,70 б.].

Халқымыздың мінезіне тән ең бір ерекше қасиет – рухани, әрі адамгершілік құндылықтарды жоғары бағалау. Ондай құндылықтарға ақ көңілдік, шынайы адалдық, батырлық, сенімділік, көмек көрсету және үлкендерді құрмет тұту, ата-анаға деген шексіз махаббат, өзін-өзі құрбан ету т.с.с. асыл қасиеттерді жатқызуға болады. Мысалы, қазақ халқының танымында «жүрек» – кісінің жан-дүниесі, рухани сезімінің символы. С.Шаймерденов шығармаларындағы соматикалық атау – «жүрек» сөзін символ ретінде қолданғандығы байқалады. Автор «жүрек» сөзін қолдана отырып, қазақ халқының психологиялық, ұлттық ерекшелігін кеңінен суреттеп, ақ көңіл қазақ халқы барлығын жүрекпен шешетіндігін, жүрегіне жақын қабылдайтындығын көрсете білген. Мысалы:

«Дүрсілдеп соққан жүрегінің дыбысын естимін. Құлағыммен емес, жүрегіммен, бар болмысыммен естимін» («Қарғаш», 28 б.). «Адамдар неге түсінбейді екен, осы бірін-бірі, бір-бірінің жүрек түбіне неге тереңірек бойламайды екен осы?» («Қарғаш», 86 б.). «Түсінемін оларды. Жүректерінің лүпілін түсінемін» («Қарғаш», 87 б.). «Ең табиғаттың ішінде махаббат адамға ғана берілген. Ұлы жүректен ғана орын тапқан ол» («Қарғаш», 88 б.).

Адамның шындық болмысты тануы, ақиқатқа деген көзқарасы, қабылдауы тілде бейнеленеді. Адамның қоршаған дүниені, ғаламды қабылдауы сандық және сапалық тұрғыда көрініс табатындығы белгілі.

Жазушының кез-келген шығармасында терең мағына, күрделі ой жатыр. Тіпті әр тақырыптың символдық мәндегі сөздердің мән-мағынасы өте кең. Мысалы, «Мәжнүн тал», «Ит ашуы», «Мезгіл», «Өмір нұры» т.б. Жоғарыда аталған символдық мағынада жұмсалған тілдік бірліктер шығарманың идеялық мазмұнын жеткізуде кеңінен көрініс тапқан:

«– Мына талдың атын білесіз бе? – деп сұрады Әспет жақындап келгенде. Білем, Плачущая ива...

Әспет күлді.

Жоқ, қазақша не дейді?

Естіген емеспін. Жылауық тал дейтін шығар? – деп Бағдан ағынан жарылды.

Білмесеніз, біліп қойыңыз. Мұны қазақтар Мәжнүн тал дейді.

Мәжнүн тал?.. Ғажап!..

Табылған ат емес пе?

Табылған ат болғанда қандай!

«Қай жақтан келіп қарасаң да көзге түсері баяғы жалғыз ағаш – Мәжнүн тал» («Мәжнүн тал», 47 б.).



Автор шығармасын жайдан-жай «Мәжнүн тал» деп атамаған. Бұл, ағаш-жалғыздықтың, нәзік әйел дүниесінің символы. Баласынан айырылған әйел мұңының, жүрегіне жақын тартқан, жанын түсінген адамынан айырылған ғашық мұңының символы.

Аталған шығармада қаламгер «Айша бибі» кесенесін ұлылықтың, тазалықтың, махабаттың, сұлулықтың символы ретінде алған :

«– Келген сайын – байқайтыным – ойнап-күліп, дабырласып түскен адамдар Айша бибі басына келгенде үндей алмай қалады. Себебі неде? – деп сұрады? Мирас пен Мұрат бұл жайында ойланбағандықтарын танытып жауырындарын қиқаң еткізді. Жер бетінде ұлылық барын, жер бетінде сұлулық барын, жер бетінде асыл махабат, тазалық барын паш етіп тұр ғой... Бұл ұлы мұраның басына келген адам соны түсінеді. Соны түсінеді де тазарып, ағарып қайтады. Биіктеп қайтады». «Байқаса, ана Әспет пен мына Айша Бибі күмбезінде бір ғажайып үндестік, ғаламат ұқсастық бар екен. Айша Бибі секілді Әспет те-ұлылық пен сұлулықтың, тазалықтың иесі. Егер Бағдан Әспет бейнесін жасаймын десе, ол бейнені, міне, осы қасиеттерден іздеуге тиісті» («Мәжнүн тал», 51 б.).

Яғни, ертеден келе жатқан ұлттық сөз қолданысымен қатар, белгілі бір жазушы туындысында ғана көрінетін, пайда болатын сөз қолданысы кездеседі. Дәл осы сөз қолданысы жазушының суреткерлік шеберлігін терең танытып, сөз қолдану мәнерін айқындай түседі. Алайда жалаң сөз қолданысы шеберлікті толық көрсете алмайды. Жазушы шығармасында шығарма тақырыбы, идеясымен астасып, соның жүгін арқалап, образдылығын арттырып тұрады. Сондықтан да көркем мәтінді бір тұтас күрделі құрылым ретінде қарағанда ғана, шеберлік деңгейі айқындала түседі. Осыған байланысты суреткерлік қырын танытатын көркем мәтін мазмұнын бейнелеуге қатысты сөз қолданыстың бір түрі - шығармада айтылмақ оқиғаның сырын тұспалдап ашатын, сөздер символдық қолданысқа түскен. Бұл орайда жазушы қолданысындағы сөз-символдар көркем мәтіннің идеялық мазмұнын аша түскен.

Символ-сөздің мағынасы кейде бір сөйлем немесе абзац, әйтпесе тіпті бүкіл мәтін көлемінде ғана танылады. Мысалы, «Ит ашуы» шығармасында Марғауды (итті) – нағыз адалдықтың, сенімділіктің, достықтың символы ретінде алған: «Әйтеуір жанға медет, сен барсың, - деп Марғаудың басынан сипалағанын ақ тұмсық қара ит талай көрген» («Ит ашуы», 90 б.). «Осы үйдің қара табаны әуелі мен, содан кейін мына Марғау» («Ит ашуы», 91 б.). «Ит келіп, тұмсығын шопан үстіндегі кір сіңген ескі тонға сүйкеп-сүйкеп алды. Күшкік күнінен әдбен мұрнына сіңген таныс иіс – шуаш иісі, кір иісі – тамаша иіс» («Ит ашуы», 126 б.).

«– Қара тонмен ойнама, ол менің құтым» («Ит ашуы», 130б.). «Марғау тағы да үрді. Лезбайдың қайырылмайтынын білген соң, жосылтып, жұртқа келді. Қара тонды үш айналды. Қателеспеген. Лезбай тоны. Жақын келіп үш

рет иіскеді. Нақ Лезбайдың иісі. Қызық. Қара тонды қалдырып бұлар қайда бара жатыр? Ит ақылына сыймайды» («Ит ашуы», 132 б.).

Дәл осы шығармасында автор «қара тонға» да символдық мағына үстеген. Ол иттің иесіне деген шексіз махаббатының, құрметінің символы іспетті, ескі өміріне деген сағыныш символы ретінде көрсете білген.

### **Қорытынды**

Көркем мәтіндегі сөздердің символдық мәнде жұмсалуды қаламгердің өзіндік көзқарасы, талғамы, мінез-ерекшелігі, лирикалық қаһарманның бітімін негіздейді, сонымен бірге сөз қолданыстың өзіндік сипатын тудырады.

Көркем туынды ұлт тілінің құдіретін танытып қана қоймай, оның сыр-сипатын, бүкіл болмысын жан-жақты ашуға, тануға негізделген.

Символдық мәнге ие сөздердің табиғаты ерекше. Өйткені сөз символдар танымдық, ұлттық мәдени, фондық мағынаға ие бола отырып, халықтық дүниені түйсінудімен тығыз байланысты болып келеді. Яғни, атауыш мағынадағы сөз нақтылыққа, даралыққа ие болса, символдық мағынадағы сөз жалпылыққа, біртұтастыққа ие. Осы қасиеті арқылы ол дүниені біртұтастыққа байланыстырып, көз алдына бүтін сурет бейнесін елестетеді.

Қорыта келе, тіл таңбалар жүйесі ғана емес, ол осы жүйені көмкерген мәдениет. Сондықтан ол әр халықтың ұлы мұрасы, ұлттың тарихи жетістігі. Мәдениет бір жағынан – ұрпақтан-ұрпаққа жеткен мәтіндер болса, екінші жағынан ұрпақтан-ұрпаққа жеткен символдар.

Символды тіл мен мәдениет сабақтастығында қарау негізінде оның астарынан халықтың терең дүниетанымын, түсінік, ұлттық-сана мен парасатпайымын, эстетикалық көзқарас пен адамгершілік құндылықтарды, ғасырлық тәлім-тәрбиені танимыз. Мұның бәрі тіл жүйесінде когнитивтік құрылым ретіндегі символдарда сақталған.

### **Пайдаланған деректер тізімі**

- 1 **Сыздық, Р.** Сөз құдіреті. – Алматы, 1997. – 224 б.
- 2 **Жаманбаева, К.** «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана». – Алматы : Ғылым, 1998. – 140б.
- 3 **Қанапина, С.** Көркем мәтін тіліндегі сөз-символ қолданысы. Оқу құралы. – Қостанай : ТОО «Центрум», 2010. – 124 б.
- 4 **Авакова, Р.** Фразеологиялық семантика. – Алматы : ҚазМҰУ, 2002. – 230 б.
- 5 **Қаирбаева, Қ.** Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2004. – 29б.

6 **Құрманғожаева, Э.** Символизм аспектісіндегі қазақ-орыс әдеби байланысы. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2010. – 24 б.

7 **Аитова, Н.** Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2005. – 28 б.

8 **Әбікенов, М.** Сафуан Шаймерденов тілінің көркемдік ерекшеліктері. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Астана, 2006. – 28 б.

9 **Жанұзақов, Т.** (бас ред.). Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы : Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

10 **Шаймерденов, С.** 4-томдық шығармалар жинағы. – Алматы : Жазушы, 1996. – 405 б.

## References

1 **Syzdyq, R.** Sóz qudireti. [Syzdyk, R. Power of the word. ] [Text] // – Алматы, 1997. – 224 p.

2 **Jamanbaeva, K.** «Til qoldanysynyń kognitivtik negizderi: emosia, simvol, tildik sana». [Zhamanbaeva, K. «Cognitive bases of language use: emotion, symbol, linguistic consciousness»] [Text] // – Алматы : Nauka, 1998, – 1406.

3 **Qanapina, S.** Kórkem mátin tilindegi sóz-simvol qoldanysy. [Kanapina, S. Use of words-symbols in the language of literary texts. Study guide] [Text] // Kostanay. LLP «Centrum», 2010. – 124 p.

4 **Avakova, R.** Frazеologialyq semantika. [Avakova, R. Phraseological semantics.] [Text] // – Алматы. 2002. KazNU, – 230 p.

5 **Qairbaeva, Q.** Qazaq tilindegi etnomádemі ataýlardyń simvoldyq máni. Filologia ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алы үшін дайындалған дисертацияның авторефераты. [Kairbayeva, K. Symbolizing the meaning of ethnocultural names in the Kazakh language. Abstract of dissertation for the degree of candidate of philological sciences.] [Text] // – Алматы, 2004. – 29 p.

6 **Qurmanǵojaeva, E.** Simvolizm aspektisindegi qazaq-orys ádebi bailanysy. Filologia ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алы үшін дайындалған дисертацияның авторефераты. [Kurmangozhaeva, E. Kazakh-Russian literary relations in the aspect of symbolism. Abstract of dissertation for the degree of candidate of philological sciences.] [Text] // – Алматы, 2010. – 24 p.

7 **Aitova, N.** Qazaq tilindegi túr-tús ataýlarynyń kognitivtik semantikasy. Filologia ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алы үшін дайындалған дисертацияның авторефераты. [Aitova, N. Cognitive semantics of color names in

the Kazakh language. Abstract of dissertation for the degree of candidate of philological sciences.] [Text] // – Almaty, 2005. – 28 p.

8 **Abikenov, M.** Safıyan Shaimerdenov tiliniń kórkemdik erekshelikteri. Filologiya ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисертсияның авторефераты. [Abikenov, M. Artistic features of the language of Safuan Shaimerdenov. Abstract of dissertation for the degree of candidate of philological sciences.] [Text] // – Astana, 2006 . –28 p.

9 **Januzaqov, T.** (bas red.). Qazaq tiliniń túsindirime sózdigi. [Zhanuzakov, T. (Chief Editor). Explanatory dictionary of the Kazakh language.] [Text] // Almaty: Daik Press, 2008 . – 968 p.

10 **Shaimerdenov, S.** 4-tomdyq shyǵarmalar jınaǵy. [Shaimerdenov, S. Collected works in 4 volumes. ] [Text] // – Almaty, Writer, 1996. – 405p.

Материал баспаға 10.12.20 түсті.

*K. K. Esirkepova, S. G. Kanapina*

### **Культурно-познавательное содержание символов в художественном тексте**

Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова,  
Республика Казахстан, г. Костанай.  
Материал поступил в редакцию 10.12.20.

*K. K. Esirkepova, S. G. Kanapina*

### **Cultural and cognitive content of symbols in a literary text**

Kostanay Regional University named after A. Baitursynov,  
Republic of Kazakhstan, Kostanay.  
Material received on 10.12.20.

*В статье рассмотрены пути передачи слов в художественном произведении в символическом значении, умение автора использовать слова-символы, а также его лингвокогнитивный уровень, его мировоззрение, культуру, художественный мир и языковую личность в произведениях, посредством использования слов в символическом значении. Кроме этого, было определено одно из особенностей символа – это его лаконичность содержания и равенство значений. Символ происходит от своего названия символ и познания «себя» и «других». Символ сохраняет свое прямое значение и самостоятельность, он одинаково значим по сравнению с абстрактным символическим значением.*

*Символ – это не только аспект владения словом, но и стилистическая функция слова. Когда писатель использует слово в символическом значении, у него есть особая стилистическая цель. Слова-символы нужны, чтобы захватить воображение писателя и усилить образность произведения. Следовательно, раскрытие значения символа в использовании отдельным автором, признание его смысла требует особых способностей и источника понимания. «Отношение» писателя к слову-символу зависит не только от его психологических и эстетических вкусов, но и от его духовного мира, уровня культуры, образования, поведения, национальных особенностей.*

*Было определено, что причиной появления символического знака являются разные взгляды людей.*

*Ключевые слова: символ, языковая личность, мировоззрение, языковой образ, культура.*

*The article discusses the ways of transferring words in a work of art in a symbolic meaning, the author's ability to use word-symbols, as well as his linguo-cognitive level, his worldview, culture, the artistic world and linguistic personality in works, through the use of words in a symbolic meaning. In addition, one of the features of the symbol was determined – it is its laconic content and equality of meanings. The symbol comes from its name, the symbol and the knowledge of «oneself» and «others». The symbol retains its direct meaning and independence, it is equally significant in comparison with the abstract symbolic meaning.*

*The symbol is not only an aspect of word ownership, but also the stylistic function of the word. When a writer uses a word symbolically, he has a specific stylistic purpose. Symbol words are needed to capture the imagination of the writer and enhance the imagery of the work. Consequently, the disclosure of the meaning of a symbol in use by an individual author, the recognition of its meaning requires special abilities and a source of understanding. The «attitude» of a writer to a word-symbol depends not only on his psychological and aesthetic tastes, but also on his spiritual world, the level of culture, education, behavior, and national characteristics.*

*It was determined that the reason for the appearance of the symbolic sign is the different views of people.*

*Keywords: symbol, linguistic personality, worldview, linguistic image, culture.*

Теруге 10.12.2020 ж. жіберілді. Басуға 15.12.2020 ж. қол қойылды.  
Электронды баспа

2,22 Мб RAM

Шартты баспа табағы 22,7. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3699

Сдано в набор 12.12.2020 г. Подписано в печать 15.12.2020 г.

Электронное издание

2,22 Мб RAM

Усл. печ. л. 22,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3699

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz